

Өмір- шексіз керуен

- ▣ «Еркектердің шүмектеген қанын, шақырлаған тісін емес, әйелдің мөлдірей аққан көз жасы мен сел кілдеген иығын көргенде барып: «Адамдар-ау, қамшының сабындай кеп-келте өміріңізде бір-біріңізді ренжіте көрмесеңізші, әр минут, әр секундтарыңыз санаулы ғой, олар тұнжырап өтпесінші», – деп күбірлейсің.
- ▣ Ә.КЕКІЛБАЕВ.
- ▣ «Бір шөкім бұлт» кітабынан

Жақсылық – жан шуағы

Жақсылықтың сыйлығы жақсылық қана Құраннан

- Асханада жұмыс істеймін. Бүгін таңертең бір азамат келді. Кассадағы кезегі жеткен соң «Менің артымда тұрған қыздың кофесін мен төлеп кетейін. Менен оған «Қайырлы күн!» тілей салыңызшы» деді. Ол кеткен соң қыз оның қылығына таң қалды. Көп ойланбастан өзінен кейін тұрған адамға ол да солай жасады. Осылай бес адам бірінен соң бірінің кофесін төледі! Жақсы күн болды!

Бақыт сыры

- «Бақыт деген не өзі?», – деп бастады топ таласты.
- Бірі оны үйден іздеп, бірі қырдан әрі асты.
- Бірі айтады: «Бақыт деген – барлық, байлық емес пе?
- Керегінше киіп ішсең, бақыттысың емес пе?».
- Бірі айтады: «Жоқ, бақыт деген – қолың жетпес мансап қой. Жұрттан гөрі жүрсең ерек, соның өзі жақсы ат қой».
- Бірі айтады: «Бақыт деген – жүйрік мініп, той тойлау.
- Ісің болмай күйбеңменен, қарын тойса, карта ойнау».
- Бірі айтады: «Бақыт деген – адал жар мен перзент қой.
- Ынтымаққа ырыс келген, ол да соған ермек қой».
- Пікірлердің таласына осылай мен жолықтым.
- Бақыт адам баласына келмес оңай, соны ұқтым.
- Безбеймін мен баладан да, байлықтан да, жардан да,
- Мансап жетпес бар адамға үлестіріп алғанда.
- Үміт үзбей іздейді олар, тыңдап сол бір жақұтты,
- Оны алыстан іздемегін, жүректен тап бақытты!»

Сүйіспеншілік өмір нәрі

Ертең туған күнім болатын кезде тоғыз жасар қарындасым, маған сыйлық дайындап, оны бергісі кеп әбден тыпыршыды. Таңертең оны өзім ояттым да: "Енді сыйлығыңды бере берсең болады" дедім. Көзі ашылмастан қолын маған созып, құшақтады. Сосын жастығының астынан «Ардақты ағама, туған күніне!» деген жазуы бар конверт алып маған ұстатты. Ашсам ішінде 500 теңгелік бір, 200 теңгелік екі қағаз, 50 теңге ақша бар екен. Өзінің жинап жүрген бар ақшасы. Көзімнен шығып кеткен жасымды көрмесін деп оны қатты құшақтап, жанында ұзақ жаттым